



## ҚАСИЕТТІ ҚАБИБОЛЛА СЫДИЫҚҰЛЫ

**Ж.К.Толетова**

қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау магистрі, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы,

e-mail: [zhadira.toletova@yu.edu.kz](mailto:zhadira.toletova@yu.edu.kz)

**Қабиболла Сыдиықұлы** (1934-2001) жылы Атырау облысының Жылой ауданында дүниеге келген. Қазіргі Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданының Қарақұм өңірінде. 1955 жылы Атырау оқытушылар институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде, 1960 жылы Қазақ университетінің филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде білім алған. 1950-1955 жылдары Атырау облысы Жылой ауданының халық ағарту саласында, 1960-1969 жылдары Атырау педагогикалық институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент міндетін атқарушы, 1969-1982 жылдары Қазақстан Республикасы ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтының әдебиет тарихы бөлімінде кіші, аға ғылыми қызметкер болып істейді. 1982-1984 жылдарда Форт-Шевченко қаласындағы Т.Шевченко мемориалдық музей-комплексінің директоры болып қызмет атқарған. 1984 жылдан М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері болып өмірінің соңына дейін істеді.

Қ.Сыдиықов жергілікті және республикалық баспасөз беттерінде 1949 жылдан бері өлең, очерк, мақала, ғылыми зерттеулер жариялап келді. 1959-1985 жылдарда Атырау, Маңғыстау, Орал, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан (Тарбағатай, Зайсан өңірін), Түрікмен, Қарақалпақ аймағын аралап, халқымыздың әдеби, мәдени мұраларын жинады. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының әдеби, һәм музыкалық мұралар жинау жөніндегі 1986 жылғы Өзбекстан, Тәжікстан, 1987 жылғы Маңғыстау, 1989 жылғы Түрікменстан, Өзбекстан, Атырау экспедицияларына ғылыми жетекшілік етті. Ақын-жыраулар мұрасын, халық әндерін, ауыз әдебиеті нұсқаларын, шежірелер мен тарихи деректерді жинауға зер салды.



Қ.Сыдиықов ақын-жыраулар мен әнші-күйшілер, әдеби, мәдени, тарихи, архитектуралық мұралар, қол өнері, халықтар достығы, Маңғыстау, Атырау тарихы хақында кітаптар, әдеби, ғылыми зерттеулер, публицистикалық мақалалар мен өлеңдер, очерк, суреттемелер, әдеби мұралар жариялады. Олардың бастылары «Жас дәурен» (1962), «Теңіз лебі» (1968), «Ақберен» (1972), «Маңғыстау» (1973), «Ақын-жыраулар» (1974), «Октябрь арайында» (1979), «Дала жыршылары» (1989), «Көркемдік өрнектер» (1992) атты жинақтар.

Қабекеннің қатысуымен «Біржан сал мен ақын Сараның айтысы» (1960), «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «От ортасынан оралмағандар» (1972), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1976), «Абай шығармаларының екі томдығы» (1977), «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982), «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (1983), «Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі» (1983), «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985), «ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары» (1988), «Қазақ поэзиясының антологиясы» (1992), «ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті», «Батырлар жыры» 5,6 томдар, «Алқаласа әлеумет» (1991), Таңдамалы шығармаларының 3 томдығы, т.б. сияқты құнды кітаптары жарық көрді.

Жалпы айтқанда, Қ.Сыдиықов – кітаптарға, жинақтарға енген, журналдар мен газеттерге жарияланған Шалғез, Абыл, Махамбет, Қашаған, Ораз, Есет, Нұрым, Ақтан, Қалнияз, Аралбай, Сәттігүл, Ерімбет, Мұрын, Досы, Әкімалы, Елбай, Қашқынбай, Досжан (есентемір), Досжан (тама), Насихат т.б. сөз зергерлері мен әдеби, мәдени мұралар хақында 300-ден аса еңбектің авторы. Бұл әрине, бір адамға аз жұмыс емес.

1966 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесінде филология ғылымының докторы, профессор З.Қабдоловтың жетекшілігімен «Қазақ жырларындағы халықтық дәстүр хақында» деген тақырыпта диссертация қорғап, филология ғылымының кандидаты дәрежесіне, 1975 жылы республика ғылым академиясы президиумының шешімімен «Кеңес халықтары әдебиеті мамандығы бойынша аға ғылыми қызметкер» деген атаққа ие болды. 2001 жылы дүние салды. Мүрдесі Алматы қаласында.